

**EL ÚMITI өркендеу-онлайн платформасының «Qabilet» модуліне арналған талаптардың қысқаша сипаттамасы**

**01.02.C.01.000001.01**

2020

Нур-Сұлтан

## АННОТАЦИЯ

Бұл құжат екі жоба аясында әзірленген: «Дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау мен қолдаудың 17 өңірлік Орталығы» («Qabilet» қызметі) және EL ÚMITI өркендеу-онлайн платформасының «Qabilet» модулі. Ол «Qabilet» модуліне арналған талаптарды сипаттайды. Әзірленген модуль EL ÚMITI өркендеу-онлайн платформасымен біріктіріліп, EL ÚMITI бірыңғай сандық экожүйесін жасайды.

Бұл құжат модульді іске асыру үшін ең қолайлы дайын отандық шешімдерді таңдау мақсатында әзірленген. Әрі қарай таңдалған шешімдерге ие компанияларға Тапсырыс берушінің талаптарына сәйкестендіру/бейімдеу қажеттілігін бағалау үшін «Qabilet» модуліне егжей-тегжейлі талаптар сипатталған техникалық тапсырма беріледі.

## МАЗМҰНЫ

### Мазмұны

1. Жоба мақсаты	4
2. «Qabilet» модулі туралы жалпы мағлұмат	5
2.1. Модуль міндеттері	5
3. Кіріс ақпарат	5
3.1. Модуль қызметі	5
3.2. Офлайн режимдегі кәсіби бағдар бойынша қызмет көрсету процесі	10
3.3. Офлайн режимдегі кәсіби бағдар бойынша қызмет көрсету процесі	11
3.4. Қолданушылар орны	12
4. Шығыс ақпарат	12
4.1. Қолданушылар карточкасы	12
4.2. Деректердің интерактивті картасы	13
4.3. Кеңейтілген сараптамасы мен статистикасы бар тапсырыс берушімен келісілген Dashboard	13
5. Модуль талаптары	13

## 1. Жоба мақсаты

«Дарынды балалар мен талантты жастарды анықтаудың және қолдаудың 17 өңірлік Орталығы» Жобасы («Qabilet» қызметі) дарынды балалар мен талантты жастарды анықтауға және дамытуға, тәрбиелеу мен әлеуметтендіруге, дарынды балалар мен талантты жастардың қабілеті мен таланттарын дамытуды сүйемелдеуге, ұстаздардың кәсіби өсуіне жағдай жасауға және қолдауға бағытталған.

Жоба 1-12 сынып оқушыларына, колледж оқушыларына, ата-аналарға, психологтар мен педагогтарға арналған.

Жобаның басты мақсаты - дарынды балалар мен жастарды әртүрлі қызмет түрлері арқылы, оның ішінде оқушылардың қабілеттерін диагностикалау арқылы анықтау; зияткерлік дайындық деңгейін арттыруға ықпал ету, олардың зияткерлік және жеке әлеуетін іске асыру үшін жағдай жасау, сондай-ақ отбасының әлеуметтік жағдайы мен қаржылық мүмкіндіктеріне қарамастан кәсіби өзін-өзі анықтау және қалыптастыру.

Жобаның міндеті кәсіптердің 2030 жылға дейін дамуының перспективалы бағыттарын, олардың өзгеруін, жаңа кәсіптердің немесе өзекті емес мамандықтардың жойылуын ескере отырып анықтау болып табылады.

Жоба кәсіби бағдарлау құралдарын енгізуге бағытталған. Ағымдағы кәсіптердің орнына басқалары келеді, әлем бір орында тұрмайды. Бүгінгі күні ЖОО-на түсу кезінде сіздің мамандығыңыз бітіргенше өзекті болады деген кепілдік жоқ. Бүгінгі мектеп оқушыларына өз таңдауын алдын ала түзету өте қиын. Сондықтан Қордың мамандары мен серіктестері сұранысқа ие мамандықтар тізімін анықтау және болжау әдістемесін зерделей отырып, халықаралық тәжірибені белсенді түрде зерттей бастады. Осы бастаманың арқасында еліміздің әрбір оқушысы тестіден өтіп, өзінің қабілетін анықтай алады, өмірде табысты болу үшін оның дамуы қажет бағытты таңдай алады.

Жобаны іске асырудың цифрлық шешімін қамтамасыз ету үшін EL ÚMITI онлайн платформасының «Qabilet» модулін (бұдан әрі - Модуль) әзірлеу қажет.

## 2. «Qabilet» модулі туралы жалпы мағлұмат

**Модуль мақсаты** - онлайн және офлайн режимінде дарынды балалар мен жастарды диагностикалау және кәсіптік бағдарлау бойынша қызметтерді ұсыну бойынша жұмысты есепке алу және мониторинг құралын құру.

Офлайн режимінде кәсіби бағдарлау қызметін ұсыну 17 өңірлік Qabilet қызметтерінің базасында жүзеге асырылады.

Онлайн режимде кәсіби бағдар беру қызметін ұсыну серіктес шешімі негізінде жүзеге асырылады.

### 2.1. Модуль міндеттері

- Qabilet қызметтерінің жұмыстарын орталықтандырылған мониторингтеу және есепке алу үшін IT-шешімдерді құру;

- әріптестердің бөгде шешімдерімен интеграциялық сервисті іске асыру (кемінде 2 шешім)

- кәсіби бағдарлау бойынша қызмет көрсету қорытындысы бойынша пайдаланушылар мен таланттардың бірыңғай тізілімін қалыптастыру;

- кәсіби бағдарлау қызметтерін ұсыну процесін пайдаланушы арасындағы коммуникацияны қамтамасыз ету.

Жобаның қорытындысы барлық аймақтардағы оқушылардың қабілеттері мен кәсіби бағдарын сапалы диагностикалауға тең қол жеткізу жүйесін құру болып табылады. Диагностика, кәсіби бағдарлау, кеңес беру және таланттардың бірыңғай тізілімін жүргізу қызметтерін көрсетудің ұлттық стандартын әзірлеу және енгізу. Дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау сапасын арттыру және олардың зияткерлік және жеке әлеуетін іске асыру үшін жағдай жасау.

## 3. Кіріс ақпарат

### 3.1. Модуль қызметі

Модуль жобаны іске асыру, онлайн және офлайн режимде кәсіби бағдарлау қызметін көрсету бойынша статистика мен талдауларды қадағалау алаңы болып табылады.

Модуль мүмкіндіктері шектеулі адамдар (есту, көру) үшін бейімделген ішкі беттері бар веб-сайт түріндегі ыңғайлы интерфейстен, рөлдер бөлінісіндегі пайдаланушылардың жеке кабинетінен, талдау және статистикасы бар CRM жүйесінің функционалынан, коммуникация қызметі (қажет болған жағдайда)

бойынша есеп жүргізілетін коммуникациялардан, сондай-ақ Тапсырыс берушінің келісімін алу функционалынан тұрады.

Модуль келесі опцияларды, қызметтерді және функцияларды қамтиды:

№	Қызмет атауы	Сипаттама
1	CRM жүйе	Онлайн және оффлайн режимде пайдаланушыларды кәсіби бағдарлау бойынша қызмет көрсету процесін есепке алуды, мониторингті және бақылауды бірыңғай бағдарламалық қамтамасыз етуі
1.1	<b>Тіркелу/Авторландыру/Құпиясөзді қалпына келтіру</b>	<p>Жобаның кез келген опциясынан өту үшін тиісті жолдарды толтыру арқылы тіркелу қажет:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Тегі;</li> <li>- Аты;</li> <li>- Әкесінің аты;</li> <li>- Жынысы;</li> <li>- Жасы;</li> <li>- Облысы;</li> <li>- Елді-мекені;</li> <li>- Электрондық поштасы;</li> <li>- Ұялы телефоны;</li> <li>- Білімі.</li> </ul> <p>Деректер бойынша <u>авторландыру</u>:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Электрондық мекен-жайы;</li> <li>- Құпиясөз.</li> </ul> <p><u>Құпиясөзді қалпына келтіру</u> барлық пайдаланушыларға дербес режимде қол жетімді. <u>Құпиясөзді</u> қалпына келтіру сілтемесі тіркелу кезінде көрсетілген пайдаланушының электрондық мекенжайына жіберіледі. Қажет болған жағдайда SMS шлюзімен интеграция жасалады.</p>
1.2	<b>Мазмұнды әкімшілік басқару панелі</b>	<p>Модуль мазмұнын толтыру, редакциялау құрылымы:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- жаңалықтар</li> <li>- экран беттерінің мазмұны</li> <li>- сауалнамалар</li> <li>- Qabilet 17 өңірлік қызметтерінің тізілімі (сипаттамасы, фото галереясы және ұйымның рейтингі, консультацияға онлайн қабылдау кестесі бар толық ақпарат)</li> </ul>

		<p>- жылдар бойынша статистикалық деректер және сұраныс бойынша кәсіптер тізілімі. Сондай-ақ пайдаланушыға таңдаған мамандығы бойынша тестілеуден өту мүмкіндігін қарастыру қажет, онда тестілеу қорытындысы бойынша пайдаланушыға Қазақстанның қолданыстағы оқу орындарында мамандану бөлігінде ұсыныс беріледі</p> <p>- пайдаланушылардың қызметті алуы бойынша ақпарат бөлінісінде интерактивті карта (Тапсырыс берушімен келісім бойынша))</p> <p>- FAQ (білім базасы)</p> <p>- Тапсырыс берушімен келісім бойынша</p>
1.3	<b>Кеңес алуға жазылу / аймақтағы «Qabilet» қызметіне тестілеуден өту</b>	<p>«Qabilet» қызметіне бару үшін тегін қызметтер бойынша күндер мен сағаттар көрсетілетін мамандарды қабылдаудың динамикалық кестесі бар күнтізбе: кеңес беру / тестілеу</p> <p>Әрі қарай, онлайн режимінде жазылу пайдаланушыға өз бетімен әрекет ету режимде қол жетімді.</p>
1.4	<b>Кеңес алуға жазылу өтінімдерінің тізілімі / таңдалған кеңес алу режиміне сәйкес тестілеу</b>	<p>Тиісті рөлдерге өтінімдер бойынша деректер офлайн және онлайн режимінде қол жетімді.</p> <p>Qabilet қызметтері базасындағы Офлайн режим: кеңес беру кестесімен күнтізбедегі «Өтінімді растау» қорытындысы бойынша пайдаланушы қызметтің атауын, мекенжайын, кеңес беру күні мен уақытын көрсете отырып, СМС алады.</p> <p>Серіктестің шешімі негізінде Онлайн режим: модульде авторландыру қорытындысы бойынша пайдаланушы soft skills тестілеуден өтуге және тәулік уақытын шектеусіз онлайн режимде ұсыныстар алуға қол жеткізе алады.</p> <p>Тізілімде бастамашы болған сәттен бастап пайдаланушы онлайн және офлайн режимде консультация алуды аяқтағанға дейін ақпарат болады және жаңартылады.</p>
1.5	<b>Тестілеу</b>	<p>Бұл опция 2 нұсқада қол жетімді:</p> <p>1. <u>Білім беру мекемелерінің алаңдарында өндіруге болатын онлайн сервистер негізінде:</u></p> <p>- «Qabilet» модулінде тіркелу»;</p>

		<ul style="list-style-type: none"> <li>- Серіктес шешімі негізіндегі модульде онлайн режимде тестілеуден өту</li> <li>- тестілеу қорытындысы бойынша «Qabilet» модулінде ұсыныстар алу (серіктестің шешімімен жіксіз интеграция)</li> <li>- Пайдаланушыларды тестілеу бойынша статистика мен деректер Пайдаланушының жеке кабинетінде көрсетіледі.</li> </ul> <p>2. <u>«Qabilet» 17 өңірлік қызметінің базасында:</u></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- «Qabilet» модулінде тіркелу;</li> <li>- Qabilet қызметіне қабылдау үшін «Qabilet» модулі арқылы тестілеуге Онлайн жазылу;</li> <li>- Жергілікті жерде тестілеуден өту;</li> <li>- Qabilet қызметінің мамандарынан кеңес алу;</li> <li>- Пайдаланушыларды тестілеудің статистикасы және деректер.</li> </ul> <p>Бұл ретте ЖК-де орнатылған тест базасымен (desktop нұсқасы) интеграцияны қарастыру қажет. Тестілеу қорытындылары жүктелгеннен кейін, пайдаланушының кеңес беру карточкасында автоматты түрде сақталуы тиіс.</p>
1.6	<b>Ұсыныстар</b>	<p>Бұл опция пайдаланушыға өткен тесттер негізінде егжей-тегжейлі ұсыныстар жасауға мүмкіндік береді. Ұсыныстар тест тапсырушының қандай жүктемелерге төтеп бере алатындығын, бейімділіктің қандай дағдыларына және т.б. анықтауға мүмкіндік береді. Ұсыныстарды маманның кеңесі кезінде және модульдің өзінде тиісті бағдарламалар мен курстарға сілтемелер түрінде алуға болады</p> <p>Ұсыныстар пайдаланушының таңдаған мамандықтағы сәттілігінің пайыздық арақатынасы бойынша.</p>
1.7	<b>Пайдаланушылар мен таланттылардың бірегей тізілімі</b>	<p>Модульді пайдаланушылардың мәліметтер базасы, сондай-ақ талант қабілеттерін диагностикалауды анықтау үшін ең сәтті тестіленушілерді сақтау дерекқоры.</p> <p>Бұл тізілімде кіру деңгейлері болуы керек және тек әкімшілік панельде көрсетілуі керек. Бұл тізілім көп функциялы болуы керек, іздеу, түсіру, егжей-тегжейлі қарау, іс-қимыл тарихы мен логикасы болуы керек.</p>



1.8	<b>Кері байланыс</b>	Виртуалды кеңесші түрінде Модульдің «сауалнама, бағалау, шолу» қызметтері де бар. Пікірлер модерациясы қайда жүзеге асырылады (растау / қабылдамау) Әкімшілік панель арқылы сауалнамалар құру мүмкіндігі.
2	<b>Жоба бойынша барлық рөлдер мен деректер бөлінісінде кеңейтілген аналитикасы мен статистикасы бар Dashboard</b>	<p>Пайдаланушы рөлдеріне қатысты барлық жалпы аналитика мен статистиканы көрсетеді:</p> <p><b>Пайдаланушы:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Қабілеттер диагностикасы;</li> <li>- Өңірлер, жас топтары және бағыттар бойынша тестіден өту белсенділігі;</li> <li>- Бейімделген ұсыныстар және олар бойынша бағалау;</li> <li>- Сатып алынған ұсынымдар мен консультацияларды ескере отырып өсу серпіні;</li> <li>- Қайталанған диагностика кезіндегі көрсеткіштерді салыстыру;</li> <li>- Тапсырыс берушімен келісім бойынша.</li> </ul> <p><b>Qabilet Қызметінің мамандары:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Ұсынылған консультациялардың пайызы;</li> <li>- Тестіленушілердің бағалары және шолулар;</li> <li>- Егжей-тегжейлі құрылған ұсыныстар;</li> <li>- Кеңес алу үшін өтініш білдірген тестіленушілердің саны</li> <li>- Тапсырыс берушімен келісім бойынша.</li> </ul> <p>Кәсіби бағдарлау қызметтерін көрсету нысандарына қатысты барлық жалпы талдау мен статистиканы көрсетеді:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- онлайн режимі</li> <li>- офлайн режимі</li> </ul> <p>Аумақтық орналастыруға қатысты барлық жалпы талдау мен статистиканы көрсетеді:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- облысы</li> <li>- елді-мекені</li> </ul>
3	<b>iOS, Android платформалары үшін мобильді қосымша, сондай ақ планшеттерге арналға нұсқа (қажет болған жағдайда)</b>	Онлайн және офлайн режимдерде кәсіптік бағдарлау қызметін алу бойынша сервистері бар мобильді қосымша

4	<b>Қосылу бойынша талдаумен бейнеконференцбайланыс сервисі</b>	ВКБ сервисінің шеңберінде Qabilet қызметі мамандарының пайдаланушылармен онлайн консультациясын ұйымдастыру және өткізу: - Бір жолғы қосылу кемінде 3 адам; - Онлайн кеңес беру жазбасы пайдаланушы қимасында кеңес беру карточкасына тіркеледі; - Пайдаланушының берген бағасы.
---	--	---

### 3.2.Офлайн режимдегі кәсіби бағдар бойынша қызмет көрсету процесі

Процестер	Өнімдер және қызметтер
Танысу кезеңі	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Тапсырыс берушінің келісімі бойынша доменде орналасқан модуль интерфейсі</li> <li>• AppStore, Play market дүкендерінде орналастырылған мобильді қосымша</li> <li>• Qabilet қызметтерінің тізілімі: күнтізбе және қабылдау кестесі</li> <li>• Пайдаланушыларды қолдау, чат: Call center операторының көмегі</li> </ul>
Алдын ала танысу	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Рөлдер бойынша жеке кабинет: тіркеу / авторизациялау</li> <li>• Консультацияға жазылу: өтінім беру, растау алу (кеңес беру күні, уақыты)</li> </ul>
Қызметтерді алу	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Бағалау: soft skills анықтау, тесттер</li> <li>• Кеңес беру журналы: мамандардың жазуы, тест нәтижелері</li> <li>• Ұсынымдар: білімді арттыру бағдарламасын ұсыну</li> <li>• Жылдар бойынша кәсіптер тізілімі: қосымша ақпарат</li> <li>• Пайдаланушылармен кері байланыс: бағалау, сауалнама</li> <li>• <i>Интерактивті коммуникациялар: Qabilet қызметтерін онлайн жұмыс режиміне ауыстырған кезде</i></li> </ul>
Өзгерістер мониторингі	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Пайдаланушылар мен таланттар базасы: нәтижелер мен пайдаланушы көрсеткіштерінің өзгеру тарихын бақылау</li> </ul>

Бақылау	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Dashboard</li> <li>• Кеңес беру жазбаларын іріктеп тексеру арқылы кеңес беру тізілімі</li> </ul>
---------	---

### 3.3 Офлайн режимдегі кәсіби бағдар бойынша қызмет көрсету процесі

Процестер	Өнімдер мен қызметтер
Танысу кезеңі	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Тапсырыс берушінің келісімі бойынша доменде орналасқан веб-сайт (модуль интерфейсі)</li> <li>• AppStore, Play market дүкендерінде орналастырылған мобильді қосымша</li> <li>• Пайдаланушыларды қолдау, чат: Call center операторының көмегі</li> </ul>
Алдын ала кезең	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Рөлдер бойынша жеке кабинет: тіркеу / авторизациялау</li> <li>• Тестілеуден өту бастамасын растау</li> </ul>
Қызметтерді алу	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Бағалау: soft skills анықтау, тесттер</li> <li>• Ұсынымдар: білімді арттыру бағдарламасын ұсыну</li> <li>• Жылдар бойынша кәсіптер тізілімі: қосымша ақпарат</li> <li>• Пайдаланушылардан кері байланыс: бағалау, сауалнама</li> </ul>
Өзгерістер мониторингі	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Пайдаланушылар мен таланттар базасы: нәтижелер мен пайдаланушы көрсеткіштерінің өзгеру тарихын бақылау</li> </ul>
Бақылау	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Dashboard</li> <li>• Кеңес беру тізілімі</li> </ul>

### 3.4 Қолданушылар орны

Сипаттама	Сыртқы рөлдердің атауы			
	қонақ	қолданушы	Qabilet қызметінің маманы	Call центр операторы
тіркелу / авторизация	+	+	+	+
Qabilet Қызметінің қызметтерін алу		+		
Чат арқылы кеңес алу	+	+		
Чат арқылы кеңес беру				+
Qabilet жүйелігінің опцияларымен жұмыс, деректерді енгізу			+	

#### Ішкі рольдер:

- Супер әкімші
- Контент менеджер (модератор)
- Өңірлік үйлестіруші
- Жоба кураторы

*Тапсырыс берушінің келісімі бойынша ішкі рөлдер бойынша функционал және қолжетімділік*

## 4. Шығыс ақпарат

### 4.1. Қолданушылар карточкасы

**Қолданушылар** (оқушы, студент, ата-ана):

- Жеке ақпарат;
- Іске қосылған опциялар тізімі;
- Кеңес беруді бағалау;
- Диагностиканың бейімделу нәтижелері.

#### **Qabilet Қызметінің мамандары:**

- Фото;
- Жеке ақпарат;
- Жеке басын куәландыратын құжаттың Скан-нұсқасы немесе фотосуреті;
- Дипломдар, сертификаттар, ерекшелік белгілері және т.б;
- Кеңес берілген және бекітілген тестіленушілердің тізімі;
- Кеңес беру журналы.
- Психологқа түсіру мүмкіндігі бар және редакциялау мүмкіндігі жоқ тестіленушінің жеке деректері- read only.

#### **4.2. Деректердің интерактивті картасы**

- орналасу бөлінісінде
- жас топтары бөлінісінде
- қызметті алу форматы бөлінісінде

#### **4.3. Кеңейтілген сараптамасы мен статистикасы бар тапсырыс берушімен келісілген Dashboard**

### **5. Модуль талаптары**

- «Qabilet» модулі «EL ÚMITI» өркендеу онлайн платформасының негізгі өзегімен біріктірілуі тиіс;
- Жаңа технологиялар мен нормаларға сәйкес шешімдерді іске асыру;
- Портал архитектурасы көлденең масштабтау мен кеңейтуді ескере отырып орындалады;
- Интерфейс бірегей, түсінікті және интуитивті қабылдау үшін интерфейс және веб-нұсқалар мен мобильді нұсқаларға бейімделген және қарапайым болуы керек;
- Мамандықтың/саланың әр түріне арналған бірегей белгішелер, сонымен қатар әр түрлі жас санаттарына сәйкес келетін анимация элементтері бар;
- Пайдаланушылар мен таланттардың тізілімі әкімшілік панельде көрсетілуі және іске асырылуы керек, рөлдер тұрғысынан қол жетімділік деңгейі болуы керек. Осы тізілім тиісті алгоритм бойынша автоматты режимде толықтырылады;

- Толық статистикалық талдауды ұсыну арқылы деректерді өңдеу мүмкіндігі (мысалы, Google Trends, Google Analytics және т.б. біріктірілуі мүмкін). Мысалы, тест тапсырушыға қанша уақыт қажет болды;
- Таланттар тізілімін EL ÚMITI өркендеу-онлайн платформасы порталының әкімшілік панелімен біріктіру. Таланттар реестрінде тест тапсырушылар, олар алған кеңестер туралы егжей-тегжейлі ақпарат, күшті жақтарын, белгілі бір бағытқа бейімділігін көрсету, сол арқылы тест тапсырушының таланттары баса көрсетілу керек;
- Егер қатысушының интернет байланысында проблемалар болса, тестті порталға автоматты түрде жүктеу үшін кәште тесттен өту күні мен уақыты және тесттегі ағымдағы позиция бекітілу керек;
- Әлеуетті тестіленушілерден келіп түсетін қоңыраулар және Qabilet қызметінің маманына кеңес алуға жазылу бөлігінде Колл-орталықпен біріктіру, яғни қоңырау шалушы (әлеуетті тестіленуші) туралы деректерді «консультациялар» опциясы ішінде автоматты түрде сақтау қажет, содан кейін Qabilet қызметінің маманы мен үйлестіруші осы өтінімді көре алады;
- Тапсырыс берушінің келісімі бойынша шаблонға сәйкес тізілімдерді түсіру.

Қосымша функционалды іске асыру (Тапсырыс берушінің сұрауы және келісімі бойынша EL ÚMITI өркендеу онлайн - платформасының «Qabilet» модулі талаптарының осы қысқаша сипаттамасына бұрын енгізілмеген) тапсырыс берушінің сұрауы мен келісімі бойынша.

Жобаның бірінші кезеңін 2020 жылдың 1 қыркүйегіне дейін іске қосу, оған пайдаланушыны тіркеу / авторизациялау, кеңес алу форматын таңдау және кеңес алуға өтінім беру мүмкіндігі бар модуль интерфейсін (ішкі беттері бар веб-сайт) іске асыру кіреді. Сондай-ақ, онлайн режимінде кәсіби бағдар бойынша Серіктестің шешімімен интеграция жасау.

Қалған кезеңдер Тапсырыс берушімен келісім бойынша.